

Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау департаментіне аккредитивтер ашу және оларды ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1442 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының:

1) республикалық бюджеттен берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалар бойынша "Қожа-Ахмет ҚК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасалған 2004 жылғы 15 наурыздағы N 5/65 және 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 3 қосымша келісім бойынша, "Темірәлі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шымкент филиалымен жасалған 2004 жылғы 15 наурыздағы N 2/67 шарттар мен 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 3 қосымша келісім бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау департаментіне аккредитивтер ашу туралы;

2) аккредитивтердің қолдану мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы